



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ТУРИСТІК ҰЙЫМДАРДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕ ЕСЕБІ ТУРАЛЫ

Қапезова Аяужан Нұрланқызы

ayauka__98@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультеті Есеп және аудит мамандығының 3-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Н.Н.Таштанова

Бүгінде елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев пен ел Үкіметі туристік қызметті дамыту мәселелеріне қазіргі кезеңдегі мемлекеттік саясаттың маңызды міндеттерінің бірі ретінде үнемі көңіл бөлуде. «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Заңына сәйкес, туризм экономиканың жақын арада көпкірісті және мемлекет бюджетіне айтарлықтай кіріс алып келетін, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешетін құралдардың бірі болатын сала ретінде айқындалған [1].


Осыған байланысты нарықтық экономиканы дамытудың заманауи шарттарында туристік ұйымдарда бухгалтерлік есептің дұрыс ұйымдастырылуы өте маңызды шаралардың бірі болып табылады. Ал ең бастысы – еліміздегі болашағы зор туристік ұйымдардың қаржылық нәтиже есебін дұрыс әрі тиімді ұйымдастыру болмақ.

Кез келген кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижелері алынған табыс сомасы мен рентабельділік деңгейімен сипатталады. Әрбір шаруашылық субъектісінің ең басты мақсаты болып пайда (кіріс) алу табылады. Нарық жағдайларына сәйкес шаруашылық жүргізу экономикасында пайда маңызды рөл атқарады, себебі оны ұйымның меншіктік капиталының ішкі құраушы көзі деп айтуымызға болады.

18 ХҚЕС-на сәйкес келесідей анықтама берілген: «кіріс дегеніміз – есепті кезеңде активтердің көбеюі, немесе міндеттемелердің азаюы». Ұйымның негізгі және негізгі емес қызметінен түскен кірістері оның жалпы жиынтық кірісін құрайды [2].

Кәсіпорынның соңғы қаржылық нәтижесі не жиынтық пайда, не залал ретінде көрініс табады. Кәсіпорынның кәдімгі қызметінің қаржылық нәтижесі негізгі қызмет және негізгі емес қызметтерінің қаржылық нәтижелерінен құралады.

Туристік кәсіпорынның қаржылық нәтижесінің қалыптасуы 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1 - Туристік ұйымның қаржы-шаруашылық нәтижесінің құрылуы [3, 259 б]

Туристік кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижесінің негізгі бөлігін қызметтің кәдімгі түрлері бойынша кірістер мен шығыстар арасындағы айырмашылық ретінде анықталатын туристік өнімдерді сатудан түскен пайда (залал) құрайды.

Кәдімгі қызметтен түскен кірістер қосылған құн салығы шегеріліп тасталынған туристік өнімдерді сату бағасымен сатып-өткізуден түскен пайда түрінде сипатталады. Қызметтің кәдімгі түрлері бойынша шығыстар дегеніміз – турфирманың туристік өнімді қалыптастыру және сату бойынша шығыстары, ал сол шығыстардың құрамын ұйым өзі анықтайды. Туристік өнімді сатудан түскен пайда немесе залалды есептеу үшін есепті кезең ішінде сатып-өткізілген туристік өнімге қатысты кәдімгі қызмет бойынша кірістерден сол кәдімгі қызмет бойынша шығыстар азайтылады.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей турөнімді сатудан түскен түсімнің есебі 6010 – «Өнімді сатудан және қызметтер көрсетуден түсетін кіріс» шотында жүргізіледі. Бұл кірістердің сомасынан қосылған құн салығы, сатудан жеңілдіктер және бағадан жеңілдіктер алынып тасталынады. Өткізілген турөнімдердің өзіндік құн есебі 7010 – «Сатылған өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны» шотында жүргізіледі.

Өзге де кірістер мен шығыстардың негізгі бөлігін ұйымның мүлігін қолданумен байланысты кірістер мен шығыстар құрайды, оған жататындар активтерді (негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді) шығару бойынша пайда мен залал, банктегі депозиттік шоттардан алынатын кірістер, алынған несиелер бойынша төленетін пайыздар (төлемақылар) және басқалары.

Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарында өзге кірістерді есепке алу үшін 6100 -6400 бөлімшелерінің шоттары қарастырылған [3].

Сәйкес шығындарды шығармасақ ереже бойынша қалаған кірісімізді алу мүмкін емес. Сәйкес шығындарды есепке алу үшін бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарында шоттардың 7100 - 7700 бөлімшелері шоттары көрсетілген.

Есептік мерзімнің соңында кірістер мен шығыстардың сомасы 5610 «Қорытынды пайда (қорытынды залал)» шотына есептен шығарылады. Бұл шотта есептік мерзімдегі ұйымның қорытынды пайдасы (қорытынды залалы) бейнеленеді, сонымен қатар ұйымның есептік мерзімдегі соңғы қаржылық нәтижесін құру бойынша ақпараттар жалпыланады.

5610 – «Қорытынды пайда (қорытынды залал)» шотының кредиті бойынша бейнеленеді:

- турөнімді сатудан түскен пайда - 6010 – «Өнімді сатудан және қызметтер көрсетуден түсетін кіріс» шотының дебетімен байланысты түрде;

- өзге кірістер - 6110 – 6160, 6210 – 6280, 6310, 6410 – 6420 (кірістердің түрлері бойынша) шоттарының дебетімен байланысты түрде.

5610 – «Қорытынды пайда (қорытынды залал)» шотының дебеті бойынша бейнеленеді:

- өткізілген турөнімнің өзіндік құны – 7010 «Сатылған өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны» шотының кредитімен байланысты түрде;

- өзге шығыстар – 7110, 7210, 7310-7340, 7410-7470, 7510, 7610-7620, 7710 шоттарының кредитімен байланысты түрде.

Пайда (кіріс) және залал (шығыс) туралы мәліметтер 5610 «Қорытынды пайда (қорытынды залал)» шотында есептік жылдың басынан бастап өсуші қорытындымен жинақталады. 5610 шоты бойынша дебеттік және кредиттік айналымдарды салыстыру әрбір ағымдағы есептік мерзімде (ай, квартал, жарты жылдық және т.с.с.) туристік ұйымның қызметінің қорытынды нәтижелерін есептеуге, сонымен қатар есептік жылдың қорытынды нәтижесін есептеуге мүмкіндік береді. Егер де есептік мерзімнің соңында 5610 шоты бойынша қалдық кредитте болса, онда турфирма пайда түріндегі қаржылық нәтижеге ие болады, ал егер де қалдық 5610 шотының дебетінде болса – бұл залалды білдіреді.

Кәсіпорынның негізгі қызметі болып ол құрылған сәтте кәсіпорын жарғысында көрсетілген қызмет түрі табылады, осыған байланысты мысал ретінде туристік ұйым қызметінің негізгі түрлеріне келесілерді жатқызуымызға болады:

- халықаралық туризм, туристік бизнес және туристік бизнеспен байланысты қызметтерді көрсету;

- авиа, теміржол және автобус билеттерін сату және өткізу;

- туризм, авиабилеттерін броньдау және сатып-өткізу;

- демалыс орындарын ұйымдастыру;

- қонақ үй бизнесін ұйымдастыру;

- шетелдік қонақтарды орналастыру, қабылдау бойынша қызмет көрсету және іс-шараларды өткізу бойынша қызмет көрсету;

- қала және қала сырты бойынша экскурсиондық қызмет көрсету.

Сонымен қатар ұйым жарғысында негізгі қызметке жатқызылатын басқа да қызмет түрлері де ашылып көрсетілуі мүмкін:

- кішігірім наубайханалар, дүкендер, кафелер, мейрамханалар, сонымен бірге қоғамдық тамақтану кәсіпорындарын ұйымдастыру;
- консалтингтік және маркетингтік қызмет;
- медициналық қызметтер;
- заңды және жеке тұлғаларға көлік жөндеу қызметтерін көрсету және т.б.

Осы негізгі қызметтің түрлерін іске асырумен байланысты туристік бизнес кәсіпорыны негізгі қызметтен кіріс алады.

Туристік кәсіпорындарда туристік өнімдерді сатып-өткізу мен сатып-өткізілген туристік өнімдердің өзіндік құнынан түсімнің (кіріс) арасындағы айырмашылық оның жалпы кірісі болып табылады.

Туристік өнімдерді сатып-өткізуден түскен түсім есебі 6010 «Туристік өнімдерді сатып-өткізуден түскен кіріс» шотында жүргізіледі. Турфирмаларда сатылған тауардың (жұмыс, қызмет) өзіндік құны туризмнің түрлері бойынша аралық шоттар ашу көмегімен 7010 «Өткізілген туристік өнімнің өзіндік құны» шотында ұйымдастырылады.

Тұрақты шығыстарға әкімшілік және басқарушылық шығыстар, амортизациялық шегерімдер, өнімді сатып-өткізу бойынша шығыстар, нарықты зерттеу шығыстары, тағы да басқа басқару, коммерциялық және жалпы шығыстар жатады. Мұндай шығыстарды «кезең шығыстары» деп атаймыз, өйткені әдетте олардың көлемі тұрақты болып қала береді және өндіріс көлеміне байланысты пропорционалды түрде өзгермейді. Субъект белгілі бір кезең ішінде ештеңені сатпаса да, кезең шығыстарына тап болады. Кезең шығыстарына жал бойынша төлемдерді, несиені қолданғаны үшін пайыздарды және т.б. жатқызуымызға болады.

Кезең шығыстарына кіреді:

- жалпы және әкімшілік шығыстар;
- өнімді сатып-өткізу бойынша шығыстар.

Осы шығыстардың ерекшелігі болып олардың пайда болған есепті кезеңінде есептен шығарылуы және аяқталмаған өндіріс пен өткізілмеген өнім қалдықтары ретінде келесі кезеңдерге ауыстырылмауы табылады.

ХҚЕС бойынша кезең шығыстарының есебі үшін 7110 «Өнімдерді өткізу мен қызметтерді көрсету бойынша шығыстар», 7210 «Әкімшілік шығыстар» шоттары қарастырылған. Ал 7310 «Сыйақылар бойынша шығыстар» шотында есепке алынатын есептелінген пайыздар бойынша шығыстар қаржыландыру бойынша шығыстарға жатқызылады.

Туристік қызметпен айналысатын кәсіпорындарда кезең шығыстарына басқарушылық персоналды қамтамасыз ету бойынша шығыстар, жарнама мен туристік қызметтер нарығын зерттеу бойынша шығыстар, алынған несиелер үшін сыйақылар бойынша шығыстар жатады.

Туристік өнімдерді сатып-өткізумен байланысты туристік ұйымдардың қаржылық нәтижені қалыптастыру бойынша есебін төмендегі мысал негізінде қарастырайық.

Кесте 1 - Туристік өнімдерді сату және қаржылық нәтижені қалыптастыру есебі

Шаруашылық операциялар мазмұны	Сомасы, Теңге	Шоттар корреспонденциясы	
		Дт	Кт
1. Есепті айда сату бағасы бойынша туристік өнімдер сатылды	250000	1210	6010
2. ҚҚС сомасы көрсетіледі	30000	1210	3130
3. Сатылған туристік өнімдердің өзіндік құны есептен шығарылды	180000	7010	1320
4 Кассаға туристік өнімді сатып алғаны үшін сатып алушылардан ақша келіп түсті	280000	1010	1210
4. Есепті кезеңнің соңында жиынтық шотқа кірістер мен шығыстар сомасы апарылды	180000	5610	7010

Кіріс	70000		
Ескерту: Автормен құрастырылған			

Есепті кезең соңында шығыстар және кірістер сомасы қаржылық нәтижені анықтау мақсатында 5610 жиынтық шотына апарылады, сонымен қатар кәсіпорын Пайда мен залалдар туралы есептілікті құрастырады.

Сонымен, кез келген кәсіпорындардағыдай туристік ұйымдар да рентабельді өнімді көбірек сатып-өткізген сайын, ол сәйкесінше көбірек пайда (кіріс) табады және бұл кәсіпорынның қаржылық жағдайын әлдеқайда жақсартуға ықпал тигізеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Заңы 2001 жылғы 13 маусымдағы №211
2. ХҚЕС 18 «Кіріс» - www.mf.minfin.kz
3. Таштанова Н.Н. Особенности организации учета в туристской деятельности // Журнал «Вестник ЕНУ» - 2009. - № 1 -68 / - С.255-258

УДК 346.18

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ЕСЕБІ

Лакбаев Арнур Канатович

arnur.l@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультеті Есеп және аудит мамандығының 3-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Н.Н.Таштанова

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы жолдауы еліміздің экономикалық-әлеуметтік секторының негізгі мәселері мен оларды шешудің басты бағыттары әзірленген болатын. Атап өтілген көптеген аспектілердің ішінде ерекше орынға «Цифрлық Қазақстан» кешенді бағдарламасы мен 4.0 индустрияландыру жобасы аясындағы инновациялық қызметтің маңызды рөлге ие болу осы мақаланы жазуға басты ынталандырушы жағдайлар болып табылады [1].

Қазір Қазақстан жаңа экономикалық дәуірге, яғни инновациялық индустриалды даму сатысына аяқ басу үстінде. Әрине инновациялық өнім өндіру, оны тиімді сату кез келген компанияға, мемлекетке орасан зор табыс әкелетіні баршаға әйгілі. Сондықтан да Қазақстанда инновациялық саланың дамуы барысына мемлекет тарапынан көптеген ынталандырушы шаралар қолданылып жатыр.

Инновация – бұл прогрестің катализаторы, онсыз ұлттық экономиканың жоғары, оңтайлы деңгейге өту және жаһандану үрдісіне ілесу мүмкін емес деп те айтуға болады.

Басқа да қызметтер секілді, инновациялық қызмет есептің уақытылы және нақты ұйымдастырылуын талап етеді. Бухгалтерлік есептің ақпараты шаруашылық жүргізу субъектілері және олардың құрылымдық бөлімшелерін жедел басқару, экономикалық бағдар мен ағымдық жоспарды құру және мемлекет экономикасының даму заңдылықтарын зерттеу үшін кең арада қолданылады.

Қазіргі уақыттағы инновациялық қызметінің есебін ұйымдастыру концепциясы аз зерттелген және іс-жүзінде толығымен ашылмағандығын атап өткен жөн.

Шешілетін ғылыми мәселенің тәжірибелік маңыздылығы мен бағалауы Қазақстан Республикасы инновациялық қызметінің есебін ұйымдастыруға әзірленген әдістемелік тәсілдерді қолдану мүмкіндігімен анықталады.